

10 маусым
Сейсенбі,
2025 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

ОЙЫЛ

ҚҰПИЯСЫ КӨП ҚҰМСАЙДЫ ТАҒЫ ДА ЗЕРТТЕП ЖАТЫР

ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ АУМАҒЫНДАҒЫ 5000 ЖЫЛ БҰРЫНҒЫ 160-ТАН АСТАМ ҚОРҒАННАН ТҰРАТЫН ҚҰМСАЙ (ҚЫРЫҚОБА) ҚОРЫМЫ БІРНЕШЕ ЖЫЛДАН БЕРІ ЗЕРТТЕЛІП КЕЛЕ ЖАТЫР. ОСЫҒАН ДЕЙІНГІ АУҚЫМДЫ ЗЕРТТЕУЛЕРГЕ ӨЛКЕЙ МАРҒҰЛАН АТЫНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ, АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕНТАНУ МУЗЕЙІНІҢ МАМАНДАРЫ, АРХЕОЛОГТАР, ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРАНЫ ЗЕРТТЕУ, ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖӘНЕ ҚОРҒАУ ОРТАЛЫҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ, Қ. ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ Өңірлік мемлкеттік университетінің тарих факультеті оқытушылары мен студенттері бірлесе атсалысқан еді...



Өрине, ел аузында осы қорым туралы алыпқашпа әңгіме көп. Қола дәуіріне жататын бұл қорым Қазақстан бойынша өте сирек кездеседі. Адамдардың жерлеу дәстүріне салыстырмалы түрде сараптама жұмыстарын жүргізгеннен кейін бұл аумаққа жергілікті халық емес басқа жақтан келген тайпалар жерленгені анықталды. Жерлеу дәстүріне қарасақ, Солтүстік Кавказ бен Месопота-

мия өркениетіне ұқсастықтары бар. Бірақ, бұл жолғы халықаралық экспедицияның зерттеу мақсаты мүлдем бөлек. Яғни, Америка Құрама Штаттарының Мичиган Университетінің профессоры Алиша Вентреске Миллер бастаған мамандар Өлкей Марғұлан атындағы археология институтының жетекші ғылыми қызметкері Арман Бейсембаевпен бірлесіп, қорымдағы

мүрделерді генетикалық тұрғыдан зерттеуді көздеп отыр. Өйткені, қорғандардың үйіндісі ерте қола дәуіріндегі «көне шұңқыр» мәдениетіне сәйкес келіп отыр. Жерлеу кезеңі Ойыл ауданында 4290 жыл бұрын басталған. Бізді таңғалдырғаны бұрынғы қазба жұмыстарында куә болғанымыздай, адамдардың жерлену ерекшеліктері. Бірінде адам шалқасынан жатса, екіншісін-

де отырғызып жерленген. Осында 168 қорған бар. Сондай-ақ, халықаралық экспедиция құрамына мәскеулік археолог ғалым Алексей Хаванский де қосылып отыр. Ал, археологтарға Ақтөбе және Қарағанды университеті тарих факультетінің студенттері көмектесіп, тәжірибе жинауда.

Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ,
Ойыл – Құмсай - Ойыл.

ЖАС КӘСІПОДАҚ КӨШБАСШЫЛАРЫНЫҢ ФОРУМЫ ҚОЛДАУ МЕН ҚОРҒАУДЫҢ ТӘЖІРИБЕСІ

ОЙЫЛ АУДАНЫНДА ЖАС КӘСІПОДАҚ КӨШБАСШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН ФОРУМ ӨТТІ. БҰЛ ФОРУМДЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ОҚУ-АҒARTY, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ САЛАЛЫҚ КӘСІПОДАҒЫНЫҢ 100 ЖЫЛДЫҒЫ МЕН КӘСІПОДАҚ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ 120 ЖЫЛДЫҒЫ АЯСЫНДА ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ БІЛІМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КЕСІПОДАҒЫ ҰЙЫМЫНЫҢ ЖАНЫНАН ҚҰРЫЛҒАН ЖАСТАР КЕҢЕСІ “ШҒЫЛА” МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС ОРТАЛЫҒЫНДА ҰЙЫМДАСТЫРДЫ.

Жас мамандардың кәсіби өсуіне көмектесу, білімдерін тереңдету, біліктіліктерін арттыру және тәжірибелерін практикада қолдануға мүмкіндік беруді көздеген форумның бағдарламасы бірнеше бөлімнен тұрды. Алғашқы бөлімде “Дарынды ұстаз – талантты шәкірт” жобалық көрмесі ұйымдастырылды. Одан кейін қатысушыларға арнап Ойыл аудандық білім бөлімінің және облыстық кәсіподақ ұйымының өкілдері құттықтау сөз сөйлеп, кәсіподақ қозғалысының тарихи маңызы мен бүгінгі рөліне тоқталды. Іс-шара аясында “Кәсіподаққа – 100 жыл” тақырыбындағы деректі фильм көрсетіліп, QUIZ форматында зияткерлік ойын жастарға өз білім деңгейін саралап, тарихи деректер мен кәсіподақ қозғалысының маңызын тереңірек түсінуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар, бұл ойын

олардың ой-өрісін дамытуға, логикалық ойлау қабілетін арттыруға және командалық жұмысқа бейімделуіне ықпал етті. Одан кейін форумға қатысушылар Ш.Берсиев атындағы Ойыл аудандық тарихи-өлкетану мұражайы, “Бай көпес Красавиннің үйі”, “Көк-жар жәрмеңкесі” сынды тарихи-мәдени орындарға экскурсия жасады. Түстен кейін Ж.Жүсіалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Айнаш Дінжанова “Жас кәсіподақ көшбасшылары: Тәжірибе және қолдау” тақырыбында панельдік пікірталас ұйымдастырып, жас мамандармен тәжірибе бөлісті. Форум соңында белсенді жастарға аудандық кәсіподақ ұйымының сыйлықтары мен Бурабай өңіріне саяхатқа жолдамалары табысталды. Сондай-ақ, ауданның көп балалы жас ұстаздары Өйтеке-Өй-

герім Хамитовтерге ерекше құрмет көрсетілді. Форум соңы шағын концерттік бағдарламамен аяқталды. Бұл форум жас мамандарға кәсіподақтық қозғалыстың мән-маңызын түсінуге, өз білімдері мен тәжірибелерін шыңдауға мүмкіндік берген маңызды алаң болды. Ал, облыстық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымының өкілдері Ойыл ауданына арнайы жұмыс сапары барысында аудан аумағындағы білім беру мекемелеріндегі кәсіподақ ұйымдарына әдістемелік көмек көрсету, сондай-ақ әлеуметтік әріптестік аясындағы мәселелерді талқылау үшін Ойыл қазақ орта мектебінде, «Жолшы» бөбекжай-бақшасында және аудандық Музыка мектебінде болды. Аталған білім мекемелерінде олар бастауыш кәсіподақ ұйымдарының жұмыс құжаттарын зерделеп, құжат айналымы мен ішкі ұй-

ымдастыру ісіне байланысты нақты ұсынымдар мен кеңестер берді. Бұл жұмыстар кәсіподақ ұйымдарының құқықтық, ұйымдастырушылық және әлеуметтік бағыттардағы қызметін жетілдіруге бағытталды. Сапар аясында облыстық кәсіподақ ұйымының өкілдері ұжыммен кездесу өткізіп, кәсіподақ мүшелерін толғандырған өзекті мәселелерге тоқталды. Сонымен қатар білім беру мекемелерінің басшыларымен де арнайы кездесулер ұйымдастырылып, әлеуметтік әріптестік туралы келісімде көрсетілген міндеттемелердің орындалу барысы талқыланды. Кәсіподақ ұйымы мен білім беру мекемесі арасындағы ынтымақтастықты нығайту – ұстаздардың еңбек жағдайын жақсартуға, құқықтарының сақталуына және кәсіби дамуына жол ашатын маңызды фактор екендігі атап өтілді.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ШЕШІМІ

3 маусым 2025 жыл

№ 23

Ойыл сепосы

Аудандық мәслихаттың
кезекті жиырма үшінші
сессиясын шақыру туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10 бабының 2 тармағына сәйкес **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

Сегізінші шақырылған аудандық мәслихаттың кезекті жиырма үшінші сессиясы 2025 жылдың 18 маусым күні сағат 14.30-ға аудан әкімдігінің мәжіліс залында шақырылсын.

Сессияның күн тәртібіне мына мәселелер енгізілсін:

1. 2024 жылғы аудандық бюджеттің атқарылуына жүргізілген бақылау қорытындылары туралы

Хабарламашы: Ақтөбе облысы бойынша тексеру комиссиясы 2. 2024 жылғы Ойыл аудандық бюджеттің атқарылуы жөніндегі есепті бекіту туралы

Баяндамашы: Б.Әділханов - аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы

3. Өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалуы туралы және облыстық мәслихаттың қағидаларының округте орындалуы туралы

Баяндамашылар: Ойыл ауылдық округінің әкімі

Көптоғай ауылдық округінің әкімі

Ш.Берсиев атындағы ауылдық округінің әкімі

Сарбие ауылдық округінің әкімі

Саралжын ауылдық округінің әкімі

Қараой ауылдық округінің әкімі

Қайыңды ауылдық округінің әкімі

4. Өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалуы туралы аудандық сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі басшысының есебі туралы

Баяндамашы: Ойыл аудандық С,Қ,ТҮКШ, ЖК және АЖ бөлімінің басшысы

5. Басқа да мәселелер

Аудандық мәслихаттың төрағасы:

С.Ғ.Займолдин

АЙТ КҮНГІ АМАЛДАР

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МЕШІТІНДЕ ҚҰРБАН АЙТ НАМАЗЫНА ЖЫЙНАЛҒАН ЖАМАҒАТҚА АУДАНЫҢ БАС ИМАМЫ БАҚЖАРЫҚ ҚЫЗЫРҰЛЫ ҚҰРБАН АЙТ - ҰЛЫҚ МЕРЕКЕ ТАҚЫРЫБЫНДА УАҒЫЗ АЙТТЫ.

Айт намазы оқылғаннан кейін арнайы құрбандық малы шалынатын жерге кәсіпкерлермен бірге барып, бір ірі қара мен үш қой құрбандыққа шалынды. Дұға оқылып, бата жасалды, құрбандық еттері түгел мұқтаж отбасыларға таратылды. Одан кейін Құрбан айтпен тұспа-тұс келген қасиетті жұма намазы жамағатпен бірге

оқылып, ауданның бас имамы Құрандағы ізгі қайырымдылық іс - амалдар тақырыбында жұма уағызын айтты. Құрбан айт мерекесіне орай ұйымдастырылған мешіт жамағат арасында ұлттық спорт түрлері - садақ ату, арқан тарту, қол күрес, ләңгі тебу сияқты ойындардан жарыстар өткізілді.

АЛАЯҚТАРДЫҢ АРБАУЫНАН САҚ БОЛЫҢЫЗ!

Ақпараттық технологияның дамыған заманында өңірімізде ақпараттық жүйені пайдалану арқылы алаяқтық қылмыстарының саны күрт өсуде және олардың әдіс тәсілдері де өзгеріп отырады. Алаяқтар коммуналдық қызметтер, ұялы байланыс операторлары, банк және құқық қорғау органының қызметкері болып қоңырау шалады, азаматтарға жалған ақпарат беріп жаңылыстырады, 1414 нөмірінен келген құпия сөзді қалайда болса алуға тырысады, құпия сөзді алғаннан кейін өздеріне қажетті әрекеттерді рәсімдейді.

Алаяқтар халықтың әлеуметтік осал топтарын пайдаланады және қолжетімді баспана, ипотека және тегін несиеге алуға немесе өртүрлі қызметтерді көрсету сылтауымен қаражатты иемденеді. Мысалы, «Ойыл сату, сатып алу және айырбастау» чатына өзге облыстың тұрғыны жүргізуші куәлігін алып беруге жәрдемдесу қызметін жүзеге асыратыны туралы жариялым шығарған.

Жалған жариялымға Ойыл ауданының тұрғындары хабарласып, алаяқтықтың құрбаны болды, келтірілген шығын 200 000 теңгеден 250 000 теңгеге

Ойыл ауданының прокуратурасы

дейін қаржыны құрады.

Ойыл АПБ-нің қызметкерлерімен күдікті тұлға көршілес облыстың аумағынан ұсталды, тергеу нәтижесімен қылмыстық іс сотқа жолданды.

Ойыл аудандық сотының 06.05.2025 жылғы үкімімен қылмыскер 4 жыл 6 ай бас бостандығынан айыру жазасына сотталды, үкім заңды күшіне енді.

Құрметті Ойыл ауданының тұрғындары мен қонақтары! Сіздерді алаяқтардан сақ болуға шақырамыз.

Әлеуметтік желілердегі тауарларды төмен бағамен сату және жеткізу туралы хабарламаларға сенбеңіз. Жүргізілген күдікті операция (Сіздің алаяқыздан кредит алу, қаражатты аудару және т.б.) туралы банктің қоңырауларына сенбеңіз.

Төлем картаңыздың нөмірі мен құпия нөмірлерін ешкімге хабарламаңыз. Сонымен қатар тұрмыстық, қызметтік, кәсіпкерлік және басқа да күнделікті азаматтық қатынастарда аса мұқият және сақ болуға және алаяқтыққа жол бермеуге шақырамыз.

Егер алаяқтың құрбаны болсаңыз, жедел түрде Ойыл аудандық полиция бөліміне жүгініңіз, тел. 21898, 102.

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ - ҚАЗАҚ РҰХАНИЯТЫНЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТАРИХЫНДА ӨШПЕС ІЗ ҚАЛДЫРҒАН, РҰХАНИ ӨЛЕМІНІҢ КӨШБАСШЫСЫ БОЛҒАН АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ - ҰЛЫ АҚЫН, КЕМЕҢГЕР ОЙШЫЛ, АУДАРМАШЫ, АҒARTУШЫ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ. ОЛ XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДА ӨМІР СҮРІП, ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ МЕН МӘДЕНИЕТІНЕ ӨЛШЕУСІЗ ҮЛЕС ҚОСТЫ.

Абайдың мұрасы - тек көркем шығармашылық емес, сонымен қатар, халықтың ой-санасын оятуға, рухани жаңғыруға үндейтін терең философиялық, тәрбиелік мағынаға ие.

Абайдың өмірі мен шығармашылығы - қазақ халқының тарихындағы ерекше кезеңмен тығыз байланысты. Ол өзінің өлеңдері мен қара сөздерінде халықты надандықтан арылуға, білім мен ғылымға ұмтылуға шақырды. Абайдың қалдырған бай рухани мұрасы бүгінгі таңда да өз маңызын жоған жоқ. Абай Құнанбайұлы 1845 жылы қазіргі Абай облысы, Абай ауданында дүниеге келген. Әкесі Құнанбай - ауқатты, беделді би әрі қажы болған. Абай жас кезінен-ақ зерек, алғыр бала ретінде көзге түсіп, Семейдегі медреседе оқыды. Сонымен қатар орыс мектебінде де білім алып, Пушкин, Лермонтов, Крылов, Толстой сынды орыс класиктерінің шығармаларымен танысты. Осы білімнің арқасында Абай қазақ халқының тағдырын терең ұғынып, елін алға сүйреуді мақсат тұтты. Оның өмір сүрген кезеңі - патшалық Ресейдің отарлық саясатының күшейген уақыты, қоғамда әділетсіздік, надандық, рушылдық секілді дерттер белең алған еді. Абай осындай қиын-қыстау заман-

да халқының рухани жетекшісіне айналды. Абайдың шығармашылығы - қазақ әдебиетінің алтын қазынасы. Ол өлеңдері мен қара сөздерінде адамның ішкі жан дүниесін, рухани кемелдену жолын, адамгершілік, әділеттілік, еңбек сынды құндылықтарды жырлады.

Ақын поэзиясындағы басты тақырыптар:

- Білім мен ғылымға үндеу: «Ғылым таппай мақтанба», «Интернатта оқып жүр» секілді өлеңдерінде жастарды оқуға, білімге шақырады.

- Адамгершілік пен имандылық: Абай адам бойындағы жақсы қасиеттер - мейірімділік, сабырлылық, әділдік туралы жиі жазады.

Оның «Он жетінші қара сөзі» адамгершілік мәселелеріне арналған.

- Қоғамдық сын: Абай өз заманының кемшіліктерін - екіжүзділік, жалқаулық, паракорлық сияқты келеңсіздіктерді ашық сынады. Мысалы, «Боғыс болдым, мінеки», «Сегіз аяқ» секілді өлеңдерінде қоғамдағы әділетсіздікті әшкерелейді.

- Махаббат пен табиғат: Абай махаббат лирикасы мен табиғатты суреттейтін өлеңдер де жазды.

«Желсіз түнде жарық ай», «Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай» сияқты өлеңдері

көркемдік тұрғыдан биік деңгейде жазылған.

Абайдың «Қара сөздері» - қазақ әдебиетіндегі ерекше жанрлық үлгі.

Бұл - ақынның терең философиялық, тәрбиелік ойларын қарапайым тілмен жеткізген прозалық еңбектері. Жалпы саны 45 қара сөзден тұратын бұл туындыларында Абай дін, мораль, тәрбие, әділет, еңбек, надандық сынды тақырыптарды қозғайды. Қара сөздер арқылы Абай қазақ қоғамының кемшіліктерін ашып көрсетіп, оларды түзетудің жолдарын сөйнады. Мысалы, 7-сөзінде ол «Жас бала анадан туған, да екі түрлі мінезбен туады: біреуі - ішсем, жесем, ұйықтасам дейді...» деп адамның тәрбиемен өзгеретінін айтса, 38-сөзінде дін мен адамгершілік мәселелерін талдайды. Абай орыс және Еуропа әдебиетін қазақ тіліне алғаш жеткізушілердің бірі болды.

Ол А.С. Пушкиннің «Евгений Онегинінен», М.Ю. Лермонто-втың өлеңдерінен, И.А. Крыловтың мысалдарынан көптеген аудармалар жасады. Бұл аудармалар тек көркем тілмен жеткізілген туынды емес, қазақ халқының рухани дүниесін байытқан алтын көпір еспетес. Сонымен қатар, Абай ағартушылық бағытта еңбек етті. Ол халықты қараңғылықтан алып шығу үшін оқу-білімге,

ғылымға шақырды. «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар, қалан!» деген жолдар - ұлы ойшылдың өмірлік ұстанымы мен жастарға берген бағыт-бағдары.

Абай Құнанбайұлының мұрасы - қазақ халқы үшін ғана емес, бүкіл адамзат үшін құнды. Оның еңбектері ұлттық әдебиетті ғана емес, ұлттық сананы тәрбиеледі.

Сол себепті 1995 жылы ЮНЕСКО көлемінде Абайдың 150 жылдығы халықаралық деңгейде аталып өтілді.

2020 жылы ақынның 175 жылдығы да әлемдік ауқымда тойланды. Абай есімімен қала, аудан, университет, көше, театр аталады, Абай шығармалары әлемнің көптеген тіліне аударылған.

Абай - қазақ халқының дана ойшылы, ұлттық сананың оянуына себепкер болған тарихи тұлға. Оның өлеңдері мен қара сөздері адамзатқа ортақ рухани құндылықтарды насихаттайды. Абайдың әрбір жолы - тәрбие мектебі, әрбір сөзі - өмірлік бағдар. Бүгінгі ұрпақ үшін Абайды тану - өзінді тану, өз халқыңды, тарихыңды, тіліңді, діліңді тану. Абай мұрасы - қазақ руханиятының шамшырағы болып қала береді.

Сауле ТАНИМОВА,
Ойыл аудандық сотының төрағасы.

ҮЛІМЕТ КОРПОРАЦИЯСЫ **КЕДЕРГІ ЖОЛ** **ЖУЫРДА «АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯСЫ» КЕАҚ ОЙЫЛ АУДАНЫ БОЙЫНША ФИЛИАЛЫНЫҢ ҒИМАРАТЫНДА ДЕПАРТАМЕНТ ҚЫЗМЕТШІСІ МЕН ҚОҒАМ БЕЛСЕНДІЛЕРІНІҢ ҚАТЫСУЫМЕН ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ ӨТКІЗІЛДІ.**



Қоғамдық бақылау жүргізу барысында ғимараттардың, қабылдау кабинеттерінің және өзіне-өзі қызмет көрсетуге арналған компьютерлердің жай-күйі мен мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған пандустардың, шақырту батырмасының, брайль тақтайшаларының болуына баса назар аударылады.

Сонымен қатар, ағымдағы жылы барлық өңірде Агенттіктің аумақтық департаментірімен мемлекеттік қызметтерді алу саласындағы мәселелерді жедел шешуге және қызмет алушылардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына жол бермеуге бағытталған «Telegram» арналары іске қосылған болатын.Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері Агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінің бас маманы А.Нұрымов осы сапары барысында Ойыл ауданының мемлекеттік

қызметшілерімен де кездесті. Кездесу барысында мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің мерзімдері мен талаптарын қатаң сақтау және жиі жол берілетін бұзушылықтар бойынша нақты мысалдар келтіру арқылы бұзушылықтардың алдын-алуға бағытталған шараларды қабылдау қажеттігі туралы айтылды.

Бұған қоса, қоғам тарапынан сынға жол бермеу, құмар ойындарға тәуелділікті болдырмау, жұмыс уақыты режимін сақтау қажеттігі туралы түсіндірілді.

Бұдан басқа, мемлекеттік қызметшілерге Президенттік жастар кадр резервіне кезекті іріктеудің ерекшеліктері мен кезеңдері туралы айтылды. Сондай-ақ, кездесу барысында қатысушылар тарапынан көтерілген сұрақтарға жауап беріліп, қызмет барысында туындайтын мәселелерге быстысты шешу жолдары бойынша бағыт-бағдар берілді.

АШАРШЫЛЫҚ ЖЫЛДАРЫНЫҢ ТАРИХЫ ӘЛІ ДЕ ЗЕРТТЕЛУГЕ ТИІС

Қазақ тарихындағы ең қасіретті кезеңдердің бірі — 1930 жылдардың басындағы ашаршылықтан, кей деректерге сүйенсек, 1,5-2,3 миллионға жуық қазақ қайтыс болған. Бұл сол кездегі қазақ халқының 40 пайыздан астамы деседі.

Кеңестік кезеңдегі күштеп ұжымдастыру, көшпелі халықты отырықшылыққа мәжбүрлеу, мал-мүлікті тәркілеу саясаты, басқа да саяси-науқандық шаралар салдарынан халық ашаршылыққа ұшырап, жаппай босқыншылық белең алғаны тарихтан белгілі.

Елімізде этнодемографиялық өзгерістер орын алып, қазақ өз жерінде азшылыққа айналды.

Ұлттық трагедияға айналған ашаршылық туралы тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары талай зерттеу жүргізілді. Дегенмен тарихшылар ашаршылық жылдары халқымыздың басынан кешірген күнделікті тұрмыс-тіршілігі, ішіп-жемі, көңіл-күйі, билікке, үкіметтің саясатына көзқарасы қандай болды деген сұрақтарға толыққанды жауап берерлік еңбек жазылуға тиіс деп есептейді.

Құдайберген Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты Асылбек Мәденнің айтуынша, халықтың әлеуметтік тарихын зерттеу — тарихты зерттеудің жаңа бір тарамағы.

Кеңестік кезеңде отарлаушы елдің құрамында болған елдердің барлығының тарихы бірінғай саяси бағытта жазылды.

Ақтөбе өңірінде ашаршылық және босқыншылық жылдарғы күнделіктілік тарихты зерттеу мәселелерімен айналысуды қолға алған Асылбек Мәденмен осы тақырыпта сұхбаттасқан едік.

— Күнделіктілік тарихы — тарих ғылымының жаңа бағыттарының бірі. Бұл әдістің ерекшелігі — халықтың сол кезеңдегі күнделікті өмірін, қарапайым адамдардың жағдайын, олардың қандай қиындықтарға тап болғанын, қалай өмір сүргенін зерттеуге бағытталған.

Мақсатымыз — Ақтөбе өңіріндегі 1930 жылдардағы ашаршылық пен босқыншылықтың

күнделікті тарихын зерттеу арқылы өңірлік деңгейдегі жекелеген аудандардағы сол кездегі жағдайдың ерекшелігі, сол уақыттағы тұлғалар туралы толығырақ мағлұмат алу. Ауылдарға, ел арасына барып, ашаршылық куәгерлерімен, ұрпақтарымен сұхбаттасамыз, естеліктерін аламыз. Бүгінде ашаршылықты көргендердің көбі қайтыс болды, бәлкім, сол кездерге кұе болған ата-аналарының, ата-әжелерінің естеліктерін білетіндер бар шығар... Көнекөз қариялардың, өлкетанушылардың естеліктеріне де сүйенеміз. Ашаршылық бір күнде пайда болған жоқ.

Бұл — жылдар бойы жиналған экономикалық, саяси және әлеуметтік факторлардың салдары. Біз осы зерттеу арқылы сол кезеңнің қарапайым халық үшін қандай болғанын жан-жақты ашып көрсетуге тырысамыз.

Жалпы, ашаршылық белгілері жиырмасыншы жылдардың аяғында байқалған.

1925 жылы Қазақстан өлкелік партия комитетінің хатшысы болып Филипп Голощекин тағайындалады. 1925-1933 жылдары Голощекин басқарған тұста қазақ жерінде социалистік қоғам құру процесі жүзеге асырыла бастады.

Осы мақсатта Кеңес билігі саяси және экономикалық науқандарды жүзеге асыра бастады.

Соның ішінде қазақ шаруаларының мал-мүлкінен шабуыл жасап, тәркілеу, күштеп ұжымдастыру, көшпелілерді отырықшыландыру, ет, астық, май, жүн, тері, сүйек-саяқ, т.б. алым-салықтар салу, халықтың малын тартып алып, колхоздарға, артельдерге, басқа да шаруашылық құрылымдарына беру секілді саяси-шаруашылық науқандар жүргізілді.

Байлардың малын тәркілеу ғана емес, оларды жер аудару басталды.

Үкімет ауқатты қазақ шаруаларына «бай» деп айдар тағып, қолдан таптық күрес туғызуга тырысты. Әйтпесе, қазақ байлары ертеден дәстүрлі қазақ қоғамында маңызды рухани және экономикалық қызмет

атқарған.

Жергілікті халық негізінен малмен күн көріп отырғандықтан, малын тартып алуды нағыз ұлтқа жасалған қастандық ретінде қарастыруға бол-
лады.

— Бұл науқандар Ақтөбе өңірінде қалай жүргізілді?

— Ақтөбе өңірінде де кеңес үкіметінің саяси-шаруашылық науқандары қарқынды жүргізілді.

Көшпелі және жартылай көшпелі аудандар ретінде саналған Ырғыз, Байғанин (ол кезде Табын ауданы деп аталды), Шалқар, Темір, Ойыл аудандары секілді негізінен мал шаруашылығымен айналысқан аудандар аштықтан қатты зардап шекті.

Сол уақыттарда ұжымдастыру, яғни ұжымдық шаруашылықтар құру науқаны қарқынды жүргізілді. «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген ұранмен байлардың мал-мүлкі тәркіленіп, ортақ мүлік ретінде тартып алынды, ет салығы, астық салығы, жүн салығы... салық салынбаған нәрсе қалмаған.

Тіпті балпақ тышқандарды аулатып, жоспар жасатып, соның терісін жинатып, тапсыртқан. Жергілікті тұрғындар амалсыздан барлық бұйрықты орындаған.

Себебі қарсы шыққандардың барлығын қуғын-сүргінге ұшыратты. Осының барлығы қазақ халқының дәстүрлі шаруашылық жүйесіне үлкен соққы болып, ұлы ашаршылыққа әкелген.

1930 жылдардың басында ашаршылық белең алғанда малынан айырылған халық жаппай көшуге мәжбүр болды. Кейбірі Кеңес үкіметіне қарсылық ретінде қолындағы малының барлығын сатып, қалғанын сойып, бір түнде ауа көшіп кеткен.

Енді бірі ішерге ас, тігерге тұяқ қалмағасын амалсыз босып кеткен. Халық босқыншылығы екі бағытта жүрді: біріншісі, республика ішіндегі көші-қон; екіншісі, республикадан тыс аумақтарға бағытталған көш.

Босқындар тіпті Қытай, Ауғанстан, Иран, Түркия сынды алыс-жақын шетелдерге көшуге мәжбүр болды.

Ақтөбе өңірі тұрғындары-

ның бір бөлігі Доңызтау, Үстірт арқылы өтіп, Қарақалпақстанға қоныстанған. Енді бірі Өзбекстан жеріне, Түрікменстанға қарай ауа көшкен.

Біршама қазақтар қазіргі Орынбор облысы арқылы Башқұртстанға, ал кейбірі Ресейдің Орынбор, Самара облыстарына қоныс аударған. Отызыншы жылдардың басындағы ашаршылықтың салдары көптеген ауылдар мен аудандарға ауыр тиді.

Ауылдар жанынан жаңа құрылған колхоздар аштықтан қатты зардап шекті. Оларды азық-түлікпен толық қамтамасыз ету қиынға соқты. Отызыншы жылдардағы ашаршылық туралы мәліметтер тіпті архивтерде де өте аз. Себебі ол уақытта ашаршылық туралы ақпараттар «құпия», «аса құпия» грифімен сақталды. Ақтөбе облыстық мемлекеттік архивінде 30-жылдардың басындағы ашаршылық туралы деректерді ОГПУ-дің арнайы хабарламаларынан кездестіруге болады.

Ол құжаттарда қай аудандар мен ауылдарда аштық болғаны, аштықтан күнделікті қайтыс болған адамдар саны, ісініп жатқан (аштыққа шалдыққан) адамдардың саны туралы мәліметтер бар.

— Босқыншылықты, көшті тоқтату қалай жүргізілді?

— Кеңес билігі халықтың жаппай босып кетуін тоқтатуға тырысты.

Жергілікті билік арнайы адамдарды жіберіп, босқындарды кері қайтару үшін үгіт жүргізді.

1931-1932 жылдары билік тарапынан қазақтарды елге қайтару туралы пәрмен беріліп, арнайы жоспар жасалады. Соның нәтижесінде шенділер босқындар көшіп барып, орныққан аймақтарға барып насихат жұмыстарын жүргізіп, оларды қайта оралуға үгіттеді. Алайда кері қайтқан халықтың жағдайы оңала қойған жоқ. Кеңес билігі тамақтандыру пункттерін ашу, балаларды қабылдайтын орталықтар құру, қайтып келгендерге мал және қаржылай көмек беру секілді жағдайларды жасауға тырысты.

Бірақ бұл жұмыстардың барлығы тиімді болмаған, азық-түлік қоры жетіспеген.

Аштықтан қашқан халықтың басым бөлігі кері оралмады, ал оралғандардың көбі жағдайдың ауырлығынан қайта босып кетті.

Елде қуғын-сүргін шаралары кең етек жайғандықтан, кейбірі елге келуден бас тартқан. — Аштық жылдары 1,5-2,3 миллионға жуық қазақ қайтыс болған деседі...

— Бұл цифр әлі күнге дейін нақты белгісіз. Түрлі дереккөздерде 2 миллион адам, енді бірінде халықтың төрттен бірі, үштен бірі қырылып қалған деп жазады. Бұл тақырып бойынша Сара Кэмерон (АҚШ), Роберт Киндлер (Германия) секілді шетелдік ғалымдар да зерттеу жүргізген. Олардың еңбектерінде қазақ халқының төрттен бір бөлігі жаппай қырылғаны туралы мәліметтер беріледі. Мұндай деректердің барлығы зерттеуді қажет етеді.

— Зерттеу нәтижесінде қандай жұмыстар жүргізіледі?

— Зерттеулер аясында естеліктер жинағы жарық көреді, отандық және шетелдік ғылыми журналдарға мақалалар жарияланады, архивтік құжаттар негізінде ғылыми еңбектер дайындалады.

Бұл жұмыстарды халықпен тығыз байланыста жүргізу маңызды. Осы мақсатта Ақтөбе облысының 12 ауданындағы тұрғындардан 30-жылдардың басындағы ашаршылық, босқыншылық туралы ақпарат, естеліктер, фотосуреттер мен құжаттар жинау көзделіп отыр. Сонымен бірге ашаршылық жайлаған ауылдар мен аудандарда нақтылау мақсатында арнайы карта жасау жоспарда бар.

Архив құжаттарынан қай ауылдарда, қай аудандарда жаппай ашаршылық болғаны туралы мәліметтер кездеседі. Осы деректерді негізге ала отырып, аштықтан зардап шеккен елді мекендерді көрсететін карта құру маңызды. Сонымен қатар ашаршылықтан қаза тапқандар жерленген бауырластар зираттарын анықтау қажет. Жаппай жерлеу орындарын нақтылау қиын, бірақ егер ондай мәліметтер табылып жатса, олардың картасын жасау жоспарлануда. Бұл болашақ ұрпақ үшін тарихи әділдікті қалпына келтірудің бір жолы

болмақ.

Ақпарат жинауға студенттер, магистранттар көмектесіп жатыр. Архивтер мен музейлерден көмек күтеміз. Сондай-ақ газет арқылы ақсақалдар мен өлкетанушыларға, ата-бабалары ашаршылықтың зардабын тартқан азаматтарға үндеу жасағым келеді: Егер сізде 30-жылдардың басындағы ашаршылық пен босқыншылыққа байланысты қандай да бір мәліметтер, естеліктер, суреттер немесе басқа да материалдар болса, бізге хабарласуларыңызды сұраймыз. Ашаршылық куәгерлері ұрпақтарының естеліктері мен отбасылық архивтерде сақталған құжаттар тарихымызды жан-жақты зерттеуге зор үлес қосады.

— Бүгінге дейін қандай да бір мәліметтер жинай алдыңыздар ма?

— Хабарласып, білгенімен бөлісіп жатқандар баршылық. Жақында маған бір кісі хабарласып, атасының ашаршылық жылдарында бастан кешкенін айтып берді. 1930-жылдардың басында оның атасы атпен келе жатып, жол бойында бір әйелдің мүрдесін көреді. Қасында жатқан сәби тірі, анасының омырауын еміп жатыр екен дейді. Әлгі адам сәбиді өзімен алып кетіп, асырап алған.

Тағы бір ауданның тұрғындары да осындай бір естеліктерімен бөлісті. Ашаршылықтан әбден тарыққан ана ер баласын құтқару үшін шабуыл жасаған аш қасқырларға қызын тастап қашуға мәжбүр болған. Зерттеу барысында әлгі ер баланың ұрпақтарын таптық. Сол адам басынан өткен ауыр тағдырын кітап етіп жазып қалдырған екен.

1931-1933 жылдардағы ашаршылық кезінде көптеген балалар жетім қалды. Архив деректеріне сүйенсек, аштық жылдары Ырғыз, Темір, т.б. аудандар аумағындағы балалар үйлерінде балалар қырылып қалған...

Бұл сияқты оқиғалар әлі де көп. Халық арасынан осындай тарихи естеліктерді жинап, ашаршылық жылдарындағы халық қасіретін толық зерттеп, тарихи шындықты ашу — біздің міндетіміз.

Сұхбаттасқан Мейрамғұл РАХАТҚЫЗЫ.

СЫРЫМ БАҚТЫТЕРЕУҰЛЫ

ТАҢҒЫ ШЫҚ ЖӘНЕ КӨЗ ЖАСЫ

Алайда, замана желінің райы-ын болжамдап үлгерген Сәлкен де, Ишанбай да тікелей қатысы болмаса, бір-бірімен сыр тартысып көрген емес-ті. Үкіметтік басқарудың қыр-сырына кәдімгідей төселіп қалған, тек қазақ даласында ғана емес, төңкіртердің тау шатқалдарындағы ию-ию күрестердің дәмін татып үлгерген Сәлкеннен көп нәрсені үйренуге болатын.

Форум медицина мәселелерін көтергенмен, оның шешілуі үкіметтік көмекке келіп тіреле берді де, Сәлкенмен қызмет бабында алғаш рет ашық диалогқа түсті. Дәлірегі, бұл өзі ұзаққа созылмаған комиссарлық қызметінің біттеле-не жанып, бүрк етпей, жалп етіп сөнуінің де алғашқы нышаны болатын.

Ишанбай аға ұлы Абайдың Заман мен Адамның ара-қатынасы туралы толғауын ұлық тұтты дей алмаймын, ол көз түгілі қазірдің өзінде оның тұңғиық сыры толық ашылып болған жоқ, дегенмен нағыз толысар кездегі айтыс-тартыс қайралудың да қапылық қыры болатынын жас жігіттің есіне салса керек.

Комиссарлық жауапкершілік дегеннің өзін, қалай дегенмен қорықшының баласы емес пе, дүние дүбірі, қысқа уақыт байымдап үлгертпеді. Шәкірт кезіндегі албырт шақ айтысы, Орынбор мен Төкенің көше кезген, аш құрсақ балаларын жинап, олардың тіршілік тауқыметін көтерісуге деген балаң қызығушылығы, Төкенің техникумы мен Алматының институтында пролетар оқушы, студенттердің алып-ұшқан жастық сезімдерін өз жүрегінің сезіміндей қабылдап, Теке, Орынбор мен Алматыны былай қойғанда, бүкіл Одақтың осындай қисық өкше, отты көз жастарының басын қосқан Мәскеу конференциясында да қызу айтыс ортасында болған қызба сәттер, комиссар ретіндегі бұқаралық ой-өріс қасында жәй, жол-жөнекей құлшыныстай болып қалды ...

... Шымкент форумы өтіп жатты.

Екінші күн, президиумда шешендердің сөздерін мұқият тыңдап отырған Ишанбайдың алдына жиналыс жүргізуші қағаз қыындысын жылжытты.

Онда: «Сізді сыртта бір ханым күтіп тұр. Тез кездесуді өтінеді» деп жазылыпты. «Мынадай жауапты жиын өтіп жатқанда, бұл не қылған өтініш?!». Бірақ, әсем жазуға қайта көз салып, жас комиссардың жүрегі бүлк етті. Қасындағы Сәлкен Дәуленовке, әлденені сыбырлап айтты да, сыртқа беттеді.

О, о, мынау сол ғой, алғашқы махаббаты ғой. Басында қара барқыт қалыпушы, яғни түрік-ислам дәстүрімен зерленген төлпегі, аяғында әсіресе Қазан, Уфа жағында жиі кездесетін ақ жүннен ысырылған, қызыл жіппен зерленген табанды кукмор жеңіл байпағы, қазақтың ат үстінде отыруға ыңғайлы қысқа камзолы мен қонышы байпағына киігізілген жұқа шалбар ... тұнып тұрған сурет ... қынай буылған күміс белбеуі мен құлағындағы жақұт сырғасы мен қолындағы тобылғы сапты қамшысы да салтанат лебін шашып тұр ... қою жалы жауып, көпіршіген төстігіне қарағанда, жүгенін қолына қыса ұстаған жылтыр қара атына дейін үстіндегі иесінің жүрек дүрсілімен алқынып жеткенге ұқсайды.

«О, о, Мария!» Ғашығына құда түсуге барғанда байлыққа малынған көпес әйелінің: «Енді детдоммен құда болатын болдық па?» деп кергігенін естігенде, біреу қамшымен тартып жібергендей үйден атып шыққан еді-ау! Жылжып бара жатқан вагонмен қатарласа жүгіріп, көз алдында бұлдырап, құрдымға сіңіп кеткен мына аруды, содан кейін көріп тұрғаны осы. «О, алғашқы махаббат! Неткен құдіреттісің?!». Тілі күрмеліп, қаққан қазықтай қатып қалған Ишанбайға, аласұрған сағымды сезімді тесіп өткендей етіп, алғашқы сөзді сол арудың өзі бастап, өзі аяқтады. «Ишанбай, сенің шаһарымызға келгеніңді естіп шыдай алмадым. Өзіңді бір көру арманым еді, көрдім. Қалғаны құр жұбаныш, қош!» деп ұмсынған қолына ақ мақта саусақтарын да ұстатпай, жалт бұрылып, қайтадан атына қонды. Шіркін, алғашқы махаббат, мұндай түсініксіз, мұндай қымбат болармысың?! Жақында ғана отбасын қуанышқа бөлеген Ипибдасының не жазығы бар, басына қиындық түскенде, сүйеніш болып, өле-өлгенше сүйікті жары болып өткен Надежда Кузьминичнаның не жазығы бар, қазақтың арқалы бір ақыны Сырбай Мәуленов айтқандай: «Өмір бойы адасып-ада-сып келіп, өлерінің алдында қолына қондырған құсы» қазақтың қара көзі Мәрзияның не жазығы бар! Комиссарлық құмарлық қызығы көкке ұшып, форумдағы қызмет жауапкершілігі де, жалт етіп, жоқ болған махаббат сезімі алдында кері ысырылып, жаратқан ием о бастан тәніне өмірі ажырамастай етіп сіндіріп қойған пенделік күйді қоздырып жібергені сонша, Ишанбай көз ұшында бұлдырап жоғалып бара жатқан алғашқы махабатын қия алмай, ұзақ тұрып қалды. «Кім екен?» деген сұрақ, селк еткізіп, мойнын бұрып еді - Сәлкен. Кезекті үзіліске шыққан беті екен. «Жәй бір танысым ғой» деді Ишанбай көңілсіздеу. Залға келе жатып та, көңілі мағынасыз сезімге құлай берді.

Әрине, өз бойындағы тамыр тепкілеген беймәйлім ессіз күннен мүлдем тәуелсіз өмір сүретін бір пенде бар деймісін, Ишанбай да сондай пенделердің бірі. Бір жыл пенде емес, бір ауыл, бір рудың емес, тұтас бір ұлттық медициналық тағдыры сеніп тапсырылған үмітті жас қайраткерлердің бірі. Бір сәтке еңсесі түсті, бірақ езілген жоқ. Иә, ол күндерді ұмытуға бола ма? 1937 жылғы 15-17 шілде. Республика Жоғарғы Кеңесінің бірінші шақырылымының бірінші сессиясы. Ең алдымен Жоғарғы Кеңестің Тұралқасы сайланды. Төралқа төрағасы болып Әбдісәмет Қазақпаев сайланды. Жоғарғы Кеңес Республика үкіметін - Халық комиссарлары кеңесін жасақтады. Халық комиссарлары кеңесі төрағалығына Нұртас Оңдасыновты сайлады.

Оның орынбасары болып - И.С.Климентьев, И.Тәжиев сайланды. Республикалық Мемлекеттік жоспарлау міндеті М.С.Королевке жүктелді. Ішкі істер халық комиссары болып С.Ф.Роденс, Азық-түлік өнеркәсібі халық комиссары болып Е.Досымов, Жеңіл өнеркәсіп халық комиссары болып А.Сарынов, Жергілікті өнеркәсіп халық комиссары болып М.Бекжанов, Орман шаруашылығы Халық комиссары болып А.Қазиев, Егін-

шілік халық комиссары болып А.Бектасов, Кеңшарлар халық комиссары болып У.Жұмағұлов, Қаржы халық комиссары болып А.Дауылбаев, Оқу-білім халық комиссары болып М.Әбдіқалықов, Денсаулық сақтау халық комиссары болып И.Қарағұлов, Сауда халық комиссары болып Ш.Қонысбаев, Әділет халық комиссары болып Б.Шағыров, Коммунальдық шаруашылық халық комиссары болып Х. Байұзақов, Әлеуметтік қамсыздандыру халық комиссары болып С.Иктасимова, Өнер істері жөніндегі басқарма бастығы болып Б.Косунов, КСРО газ халық комиссариатының Қазақстандағы уәкілетті өкілі міндетін уақытша атқарушы болып Ф.Д.Шибряев, Сыртқы сауда-саттық халық комиссариатының өкілі болып Н.С.Кандаков сайланды.

Аты аталған қайраткерлердің бәрімен таныс, бәрінің мүддесі бір. Сол бір мүдде үдесінен шығу жолындағы күрес күрделі. Сол өзі мүше болған үкіметті құрудың алауында өмірін қиған алаш арыстары бірін соң бірі «халық жаулары» аталып, түрмеге қамалып жатыр. Алаш көсемдері деңгейіне көтерілген У.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Т.Рысқұлов, С.Сейфуллин сияқты арыстар, сондай-ақ өкесі марқұм жиі айтып отыратын жерлесі Х.Досмұхаметов, тіпті дәрісін өзі уыз сезіммен тыңдап, айты қанбай қалған қайран ұстаз С.Асфандияров пен институттағы проблемалар аясын-да ашық айқасқан Е.Қасаболов ағасы да өз үкіметінің саяси құрығына ілініп, санада сапырылсықан түсініксіз сұрақтардың жауапсыз көңіл-күй азабына салғаны сонша, ғылымға құштар сезім қайта оянып, жұмыстан келген сайы-ын диссертациялық еңбегінің нұсқамалық материалдарын қайтадан парақтап, түн ортасына дейін отырып алатынды шығарды. Ата-бабасын ойласа, желкесі күжірейіп шыға келеді, қазақтың қас батыры Қобыландыға барып тірелетін ата тегі рухын атойлатпай қоя ма, Ибескі, Әжібай, Алтай, Арал сияқты дүрлеріне сиынса, кейде қызмет бабындағы уақ-түйек айтыстардың өзі қағысып-бағысқан саяси реңге ұласып, шіркін көңілді қаяу басқанда, сол қаяуды жаңағы тектік рух сыпыра ұшырып жібереді.

Қаңағы дүрлер уақтала келе, қорықшы өкесіне тірелгенмен, қан жібере ме, қорықшының кенже ұлы анау-мынау емес бірдей бір үкіметтің мүшелігіне сайланса, ол аздай іле-шала Одақтың бірінші шақырылған Жоғарғы Кеңесіне қазақ даласынан депутат болып таңдалса, қалай еңсесін түсіреді. Байқаса, «бодандықта болды ғой» деп бар пәленің бәрін соған ысыра салып, «ұлы көштің қолдыаяқтай баласындай» қағажу көрген ұлтының аяулы тірлігі, өз басында ғана емес, «аға баласының» басында да жетіп-артылады екен.

xxx

Москва. 1938 жылғы 12 қаңтар. Одақтың түкпір-түкпірінен астанаға депутаттар ағылды. Олар КСРО Жоғарғы Кеңесінің бірінші сессиясына қатысу үшін бірінші рет Кремльге жиналды. Чукоткадан дейсіз бе, Зеравшаннан дейсіз бе, ежелгі Киев, кәрі Каспийден дейсіз бе, алпысқа жуық ұлттың өкілдері бас қосқан жиыңға он тоғыз жастан бастап, сексеннің сеңгіріне дейінгі бірнеше

ұрпақтың халық қалаулылары Кеңестік Одақтың келелі проблемаларын талқыға салмақшы. Мәртебелі форумға қазақстандық жас комиссар, одақтық жас депутат Ишанбай Қарағұлов та қатысады. Әсер дегенің тамаша! Салтанатты форумды ашу құрметіне Одақтың ең қарт депутаты, КСРО Ғылым Академиясының академигі, Социалистік Еңбек Ері, бірінші дәрежелі Сталиндік сыйлықтың иегері, Ресейде биохимия ғылымының негізін қалаушы, 1935 жылы А.И.Опарин екеуі КСРО Ғылым Академиясы жанынан биохимия институтын құрып, оның тұңғыш директоры болып сайланған, 1944 жылы институтқа есімі берілген Алексей Николаевич Бах, азан шақырып, қойылған есімімен атағанда Абрам Липманович Бак ие болды. Үзілісте Абрам Липмановичпен және нақ сондай қарт депутат, белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, 1920 жылдан Коминтерн Атқару комитетінің, 1931 жылдан Коминтерннің тұрақты комиссиясының мүшесі, СОКП Орталық Комитетінің алты бірдей съезінің, Коминтерн конгресінің бес бірдей конгресінің депутаты болған Михаил (Миха) Григорьевич Цхакаямен кездесу Ишанбайға ерекше әсер қалдырды. Олардың мына қайнаған өмірде қарттық пен жастықтың өз орнын қалай табатыны жайлы төтен сұрақтарға жауап беру тәсілі кәдімгідей ойлантып тастады. Кейін өзінің де өз табынушыларының мазасыз өтініштерін қанағаттандыру үшін «Қырық сұрағын» жазуға отыратынын, мүмкін, сол сәтінде білмеген де шығар, дегенмен тәжірибелі ғалым-қайраткерлердің тағылымды әңгімесі ұқпа құлаққа құйылып қалғаны анық.

Іздену, зерттеу, салыстыру. Пайымдап, тиісті тұжырым жасау. Мүмкін бұған бұрын әнебір мән бере қоймаған шығар. Соңғы бір жылдың өзі оны тез есейтіп жіберген сияқты. Өрі Денсаулық сақтау халық комиссары, әрі КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты. Мұндай мәртебе төбеден түсті деймісің! Бойында үміт күттірердей табиғи қасиеті сезілген болар. Ащыойылдың жұтаң тірлігін Мәскеу мен Алматының қыз-қыз қайнаған өміріне алмастыртқан тағдырға мың да бір рахмет. Қазір ол, Тертүкүлдің мұғалім орыс әйелінің орысша қойған қарапайым сұрақтарына жауап бере алмай, жауабы айналасындағыларды қыран-топан күлкіге батырған сары бала емес. О, о, Өмір дегенің қалай тез зымырап барады. Тоқтауға болмайды. Жаңағы ізденістің бәрін, болмаса біразын бойына жұқтыра алмаса, жоғары мәртебенің ғана емес, кәдуілгі өмірге құштарлық сезімінің өзіне қылау түсіріп алуы мүмкін. Өмірдің мәнділігі де осында. Сондықтан, сол жауапкершілікке орай, саланың минус-плюстерін кең қамтып, кемел танымға жол ашу үшін, өзіне де, қарауындағыларға да маза бермеді. Дәл сол күндерде республикада 1768 дәрігер және 5556 медбикелер жұмыс істейді екен. Республиканың экономикалық-экономикалық деңгейіне сәйкес келетіндей 469 амбулатория желісі тартылыпты. Сырқаттар 437 ауруханада жатып емделеді.

(Жалғасы. Басы алдыңғы санда)

БӨГЕТ ҚҰРЫЛЫСЫ «АМАНАТ-ТЫҢ» БАҚЫЛАУЫНДА

Партиялық бақылау комиссиясы Қаратал ауылындағы бөгет құрылысының барысын бақылауға алды. Бақылауға аудандық сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Азатбек Бектұрған мен Ш.Берсиев ауылдық округінің әкімі Әділбек Ізбасов қатысты.

Бақылау барысында бөгет құрылысының қазіргі жағдайы егжей-тегжейлі зерделеніп,

орындалған жұмыстар мен алдағы жоспарлар талқыланды.

Комиссия мүшесі, Ойыл аудандық мәслихатының төрағасы құрылыс сапасы мен мерзіміне қатысты нақты ұсыныстарын білдіріп, жобаның тиімді әрі уақтылы аяқталуын назарда ұстау қажеттігін атап өтті. Бұл бақылау — ауылдың қауіпсіздігі мен дамуына деген жауапкершілік белгісі. Халықтың амандығы — басты назарда.

ЖЕМҚОРЛЫҚ — ҮНДЕТ, ОНЫМЕН КҮРЕСУ – МІНДЕТ

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру, инвестициялар тарту процесін баяулататын және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін, елдің даму болашағына қауіп төндіретін құбылыс. Кез-келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі шесі, СОКП Орталық Комитетінің алты бірдей съезінің, Коминтерн конгресінің бес бірдей конгресінің депутаты болған Михаил (Миха) Григорьевич Цхакаямен кездесу Ишанбайға ерекше әсер қалдырды. Олардың мына қайнаған өмірде қарттық пен жастықтың өз орнын қалай табатыны жайлы төтен сұрақтарға жауап беру тәсілі кәдімгідей ойлантып тастады. Кейін өзінің де өз табынушыларының мазасыз өтініштерін қанағаттандыру үшін «Қырық сұрағын» жазуға отыратынын, мүмкін, сол сәтінде білмеген де шығар, дегенмен тәжірибелі ғалым-қайраткерлердің тағылымды әңгімесі ұқпа құлаққа құйылып қалғаны анық.

Іздену, зерттеу, салыстыру. Пайымдап, тиісті тұжырым жасау. Мүмкін бұған бұрын әнебір мән бере қоймаған шығар. Соңғы бір жылдың өзі оны тез есейтіп жіберген сияқты. Өрі Денсаулық сақтау халық комиссары, әрі КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты. Мұндай мәртебе төбеден түсті деймісің! Бойында үміт күттірердей табиғи қасиеті сезілген болар. Ащыойылдың жұтаң тірлігін Мәскеу мен Алматының қыз-қыз қайнаған өміріне алмастыртқан тағдырға мың да бір рахмет. Қазір ол, Тертүкүлдің мұғалім орыс әйелінің орысша қойған қарапайым сұрақтарына жауап бере алмай, жауабы айналасындағыларды қыран-топан күлкіге батырған сары бала емес. О, о, Өмір дегенің қалай тез зымырап барады. Тоқтауға болмайды. Жаңағы ізденістің бәрін, болмаса біразын бойына жұқтыра алмаса, жоғары мәртебенің ғана емес, кәдуілгі өмірге құштарлық сезімінің өзіне қылау түсіріп алуы мүмкін. Өмірдің мәнділігі де осында. Сондықтан, сол жауапкершілікке орай, саланың минус-плюстерін кең қамтып, кемел танымға жол ашу үшін, өзіне де, қарауындағыларға да маза бермеді. Дәл сол күндерде республикада 1768 дәрігер және 5556 медбикелер жұмыс істейді екен. Республиканың экономикалық-экономикалық деңгейіне сәйкес келетіндей 469 амбулатория желісі тартылыпты. Сырқаттар 437 ауруханада жатып емделеді.

Жемқорлықпен күрестің өзі қауіпті әлеуметтік құбылыспен күрес болып табылады. Осыған орай, билік органдары

ҮЙ ЖАҢУАРЛАРЫНЫҢ ЦИФРЛЫҚ ПАСПОРТЫ – ЕНДІ EGOV MOBILE ҚОСЫМШАСЫНДА



Яғни, мысық, ит және басқа да үй жануарларының иелері олардың мәліметтерін eGov Mobile мобилді қосымшасының «Цифрлық құжаттар» бөлімінен қарай алады. Барлық мәліметтер TABAN – үй жануарларын есепке алу Бірыңғай деректер базасынан жүктеледі. Бұл жүйеде тіркелген барлық жануарлар және оларға қатысты маңызды оқиғалар жазылып отырады. Цифрлық паспортта мына мәліметтер қамтылады: жануардың жеке нөмірі, құжат нөмірі, аты, түсі, тұқымы, туған күні, ерекше белгілері, жануардың түрі мен жынысы, тіркелген мекенжайы, нақты тұратын мекенжайы, иесінің толық аты-жөні мен ЖСН, сондай-ақ чиптеу, стерилизация және вакцинация туралы ақпарат – даталары мен мәртебелері көрсетілген.

Қызметті пайдалану үшін:

- * eGov Mobile қосымшасына авторизациядан өтіп;
- * «Цифрлық құжаттар» сервисіне кіру қажет;
- * «Басқа құжаттар» бөлімінде Жануар паспортымен танысу керек;
- * егер құжат көрінбесе, «Құ-

жаттарды жаңарту» батырма-сын басу қажет.

Цифрлық төлқұжат ветеринарлық клиникаға барғанда, саяхатқа шығарда, көрмелерге қатысқанда немесе жануар жоғалған жағдайда оның деректерін жедел ұсынуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл қызмет үй жануарларын жүйелі түрде есепке алуға, қаңғыбас жануарлар санын азайтуға және иелерінің жауапкершілігін арттыруға септігін тигізеді.

2025 жылғы наурыз айындағы жағдай бойынша жүйеде 224 мыңнан астам үй жануары тіркелген, оның ішінде 20 мыңнан астамы – үйсіз жануарлар. Жаңа сервис ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитетінің, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ және ҚР Қоршаған экология және табиғи ресурстар министрлігінің тапсырысы бойынша «Ақпараттық-септік орталық» АҚ бірлесіп жүзеге асырды.

Жайна СЕЙДАХМЕТ, «ҰАТ» АҚ Корпоративтік коммуникациялар департаменті.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

ТАРТЫСҚА ТОЛЫ ТАНЫМДЫҚ САЙЫС

4 МАУСЫМ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР КҮНІ-НЕ ОРАЙ ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ЖАСТАР РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЙМЕН АШЫҚ АСПАН АСТЫНДА «QUIZ» ЗИЯТКЕРЛІК САЙЫСЫ ӨТКІЗІЛДІ. «QUIZ» ЗИЯТКЕРЛІК САЙЫСЫН АРНАЙЫ ШАҚЫРТУМЕН КЕЛГЕН ТЕМІР АУДАНДЫҚ ЖАСТАР РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ МАМАНДАРЫ ӨТКІЗДІ.



Сайысқа ауданымыздағы жас мамандардан құралған 7 команда қатысты. Аталған шараның басты мақсаты – жастар арасындағы татулықты, ынтымақтастықты, бір-біріне деген

сыйластықты нығайту, патриоттық рухын көтеру, білім мен ой-өрісті дамыту, сондай-ақ жастардың бос уақытын тиімді өткізуге жағдай жасау. Интеллектуалдық дода бары-

сында қатысушылар әртүрлі тақырыптарды қамтитын сұрақтарға жауап беріп, логикалық ойлау, эрудиция және жылдам шешім қабылдау қабілеттерін сынады. Нәтижесінде I орынды - "Факт-хантерлер" командасы иеленсе, II орынды - "Brain Stormers" командасы иеленді. III орын - "Адреналин" командасына бұйырса, қалған 4 командаға ынталандыру алғыс хаттары мен естелік сыйлықтар табысталды. Жеңімпаздар аудан әкімі А.Қазыбаевтың алғыс хаттармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды. Сонымен қатар, әріптестік - ынтымақтастық үшін "Темір аудандық жастар ресурстық орталығына" аудан әкімі А. Қазыбаев атынан алғыс хат пен естелік сыйлықтар ұсынылды.

АТА ЗАҢ - АЛТЫН ТҰҒЫРЫМЫЗ!

Кез келген зайырлы елдің даму бағыттарын белгілейтін басты құжаты – ол Ата заңы болып табылады. Ата заңымыз ортақ тарихи тағдыр біріктірген қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып, өзімізді еркіндік, теңдік және татулық мұраттарына берілген бейбітшіл азаматтық қоғам деп ұғына отырып, дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуды тілей отырып, қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы жоғары жауапкершілігімізді сезіне отырып, өзіміздің егемендік құқығымызды негізге ала отырып қабылданды.

Биыл ата заңымыз яғни Қазақстан Республикасы Конституциясына 30 жыл толғалы отыр. Қазақстан Республикасы Конституциясына 30 жыл толуына орай Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігімен «Ата Заң – тәуелсіздік тірегі» аясында шаралар ұйымдастырылып жатыр. Осы аталған шараның өткізілуі Қазақстан Республикасы Конституциясына деген құрмет

болып табылатыны баршамызға мәлім. Қазақстан Республикасы Конституциясы - өліміздің көптеген жылдар бойы тәуелсіз ел болуын және армандарын жүзеге асырған, мемлекеттігіміздің алтын қазығымен қазақстандықтардың тең құқықтары мен мүмкіндіктерінің кепілі. Сондықтан әрбір азамат Ата заңымыздың маңызын, тарихын жақсы білуі тиіс. Ата Заңымызды құрметтеу, ондағы қағидаларды бұлжытпай сақтау арқылы және оның тарихы мен маңызын жетік білуіміздің арқасында біз өз елімізді, тарихымызды, құндылықтарымызды құрметтейміз және өліміздің дамуына, қоғамдық келісімге, бейбітшілік пен тыныштыққа қол жеткізе аламыз. Ата заңымыз ортақ тарихи тағдыр біріктірген қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып, өзімізді еркіндік, теңдік және татулық мұраттарына берілген бейбітшіл азаматтық қоғам деп ұғына отырып, дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуды

тілей отырып, қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы жоғары жауапкершілігімізді сезіне отырып, өзіміздің егемендік құқығымызды негізге ала отырып қабылданды. Ата заңымызда Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп көрсетілген. Баршамыздың яғни Қазақстан Республикасының азаматтары ретінде міндетіміз Қазақстан Тәуелсіздігінің тірегіне айналған Конституцияны талаптарын сақтап, ата заңымызды тұғыры биік болуына ат салысуымыз қажет.

Ата заңымызды құрметтеп қорғау, оның маңыздылығын жоғалтпай сақтау өліміздің әрбір азаматының міндеті мен парызы болуы тиіс. Себебі ата Заңымыз жарқын болашаққа апаратын айқын жолымыз екені баршамызға мәлім.

Салтанат ШАЙМАҚОВА, Ойыл аудандық сотының бас маманы.

СУҒА ШОМЫЛУ КЕЗІНДЕГІ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

Жаздың ыстық күндерінде сергудің бір жолы – шомылу. Су – адамның жақсы досы және одақтасы, ол демалуды тиімді пайдалануға және денсаулықты нығайтуға көмектеседі. Алайда, қоғамдық демалыс орындарында жұқпалы аурулардан сақ болу керек. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының статистикасына сәйкес, аурудың 85%-ы су арқылы таралады.

Сонымен, шомылу орындарында қандай ауруларды жұқтыру қаупі бар? Біріншіден, бұл әртүрлі тері аурулары, энтеровирусты инфекциялар, «А» гепатиті және басқалары. Жазда серозды менингит ауруының маусымдық өсуі байқалады. Серозды менингит – бұл ми мен жұлынның жұмсақ қабығының қабынуы. Ашық су айдындары мен бассейндерде шомылу кезінде серозды менингитке шалдығу ықтималдығы өте жоғары. Айта кету керек, егер сізде терінің зақымдануы болса – шомылу орындарына бармағаныңыз жөн, асқынып кетуі мүмкін. Сарапшылар, сонымен қатар, 2 жасқа дейінгі баланы бассейнге жібермеуге кеңес береді. Себебі хлорланған су баланың терісіне теріс әсер етіп, тыныс алу жолдарының қабыну ауруларын, демікпені тудыруы мүмкін. Демалыс орындарына барған кезде келесі қауіпсіздік шараларын сақтау қажет:

- санитариялық ережелердің талаптарын сақталмаған жерлерде, сондай-ақ жарақат алу қаупі бар жерлерде «шомылуға тыйым салатын белгілер» болуы керек, бұл белгілерді жергілікті атқарушы органдар орнатады;
- шомылу аумағының жай-күйіне (тұрмыстық және құрылыс қалдықтарының бар-жоғына) назар аудару қажет, демалғаннан кейін қалған тұрмыстық қоқыстарды тазалауды және арнайы контейнерлерге тастауды ұмытпау керек;
- жағажайда су асты ағысы бар жерлерден аулақ болған жөн. ересектер балалардың қалтқылардан асып кетпеуін қадағалап және оларды үнемі бақылап отыруы керек;
- жәндіктердің шағыуынан қорғану үшін жәндіктерді тежейтін және жоятын құралдарды (репелленттер мен инсектицидтер) қолдану ұсынылады;
- жылу соққысы мен күннен күйіп қалудың алдын алу, бас киімді пайдалану, жасына сәйкес күн қорғанысын қолдану қажет;
- шомылу және демалу үшін арнайы шомылу орындарын таңдаңыз, өйткені олардағы су мониторинг барысында бақыланады.

Ғ. ҚҰБАЕВ,

Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.

СІБІР ЖАРАСЫ

Сібір жарасы – қойда - топалаң, жылқыда - жамандат, ірі қарада - қараталақ, қарасан, түйеде – ақшелек деп аталады. Қоздырғышы Бациллус Антрацис деп аталатын қозғалмайтын микроб таяқшалары. Ауасыз жерде 12 градус жоғары t төменгі 45 градус аралығында өсе береді. Қолайсыз жағдайда сыртқы қабат пайда болып (спора)ұзақ сақталады. Бұл ауруға адамнан бастап, барлық жан-жануар тез шалдығады. Адамға алиментарлық жолмен және ауру мал сойғанда жарақаттанған тері арқылы жұғады.

Клиникалық белгісі негізінен дене қызуының 41-42oC жоғарылауынан басталып, тыныс алуы қиындайды. Жүрек қағысы жиілейді. Ауру малдар 10-12 сағаттан бастап бір жарым-екі тәулік ішінде өліп кетеді. Аурудың өту уақытына байланысты бір сәттік, жіті түрі, жітіден төмен болып бөлінеді. Патанатомиялық өзгерістерге келетін болсақ, өлексе қатты ісініп кетеді, ауыз, тыныс алу жолдары мен нәжіс қуыстарынан ұйымаған қан ағады. Өлексе тез бұзылады. Қаны қою қара түсті болып ұйымайды, өлексе сіресіп қатып қалмайды. Сойып қарағанда тері асты, сөл бездері ісініп, ішкі органдардың барлығы қанталап кетеді. Көкірек іш қуыстарында қан аралас сұйықтық толып тұрады. Диагноз эпизоотологиялық көрініске, клиникалық жағдайына, ауру мал белгісіне қарап қойылады.

Жазғы жайлау уақытында, бұрын ошақ болған жерде, жауын-шашыннан кейін немесе жазғы тасқын уақытында немесе жаңа аударылған топырақ жерлерде малдардың тез өлуі, күмән тудырады.

Лабораторияға құлақтан кесілген кесіндіден, көлеңкеде кептірілген қалың қан жағындысын жібереді, қаналған жерді күйдіріп тастайды. Қарасан, браздот, газды ісік ауруын пастереллез, улану т.б аурулардан ажырата білу қажет. Сібір жарасы ауруынан өлген малдың басқа аурулардан айырмашылығы (қарапайым белгісі) өлексе қатып қалмайды (сіресе болмайды). Ауырып тұрған ауыл шаруашылығы жануарларын сою алдында дене қызуын өлшеп, жағдайын қарап, ветеринар дәрігердің рұқсатымен ғана сою керек. Шаруа қожалықтары мен жеке тұрғындар жануарларын бірдейлендіру базасына кіргізуге міндетті. ҚР АШМ ВБжҚК Ақтөбе облыстық аумақтық инспекция басшысының төрағалығымен 2023 жылдың 1 қыркүйегіндегі онлайн өткізілген жиналыс хаттамасына сәйкес арнаулы жерден тыс жерде сойылып, құжатсыз тасымалданған мал етінен ветеринариялық зертханаға сынама жіберіліп, қорытындысы шыққанша тәркіленеді.

ҚР АШМ ВБжҚК Ойыл аудандық аумақтық инспекциясы

“SKILLS CAMP” КӘСІПТІК ЛАГЕРІ АШЫЛДЫ



2025 жыл - Жұмысшы мамандықтар жылына орай жұмысшы мамандықтарды насихаттау мақсатында, Ойыл кәсіптік колледжінде “SKILLS CAMP” кәсіптік лагері ашылды. Балаларға кәсіптік бағдар беруді көздеген лагерьге Ж.Жүсібаев атындағы Ойыл қазақ орта мектебі, Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясы, Ойыл қазақ орта мектебінің 7-10 класс оқушылары шақырылды. Лагерьге келген оқушыларға екі құзыреттілік бойынша кәсіби шаралар ұйымдастырылады. Оқушылар колледж баспасымен танысып, өз қызығушылығын танытты.

ЕЛ РӘМІЗДЕРІ - ЕРКІНДІК НЫШАНЫ»

Егеменді еліміздің жер бетіндегі басқа тәуелсіз елдермен терезе теңестіріп, азаттық таңын атырғалы да 33 жыл уақыт болып отыр. Сол елдігіміздің белгісі ретінде бекітілген мемлекеттік Ту, Елтаңба және Гимн бүгінде халқымыз үшін аса қастерлі құндылық екені белгілі. Сонау 1992 жылдың 4 маусымында бекітілген бұл рәміздер осы кезге дейін Қазақ мемлекетінің басты нышаны болып келеді. Осы атаулы күні орталық саябақта «Ел рәміздері - еркіндік нышаны» атты мерекелік салтанатты шара өтті. Мерекеге орай аудан тұрғындары Мемлекеттік Гимнді бір мезгілде орындау республикалық акция аясында сағат 10:00-де Қазақстан Республикасының Гимнін орындады. Шара соңында аудандық мәдениет үйінің өнерпаздары патриоттық әндерін орындады.



ОЙЫЛ ХАЛЫҚ ТЕАТРЫНЫҢ 90 ЖЫЛ БҰРЫН ІРГЕСІН ҚАЛАҒАНДАР

БАТЫС ҚАЗАҚСТАНДА ЕРЕКШЕ ТАРИХИ ОРНЫ БАР ОЙЫЛ ӨРІСІ КЕҢ ӨНЕР ОРДАСЫ БОЛДЫ ДЕСЕ АРТЫҚ БОЛМАС. «ӨНЕРДІҢ ТУЫН ТІККЕН ОЙЫЛ» ДЕП АТАЛУЫНДА ДА ҮЛКЕН МӨН ЖАТЫР. КӨКЖАР ЖӨРМЕҢКЕСІНЕ ЖЫЛЫНА ЕКІ РЕТ 50 МЫҢНАН АСТАМ АЙНАЛҒАН ХАЛЫҚТЫ АУЗЫНА ҚАРАТҚАН МҰХИТ, ҚЫЗЫЛ, ДОСАТ, ЖЕРГІЛІКТІ ДАҢҚТЫ КҮЙШІ СӨУЛЕБАЙЛАРДЫҢ ӨНЕРІНЕН СУСЫНДАҒАН ӨНЕРПАЗДАРЫМЫЗ ҰРПАҚТЫҢ ҚАЙ БУЫНЫНДА ДА АЗ БОЛҒАН ЖОҚ.



Қазақ ССР-ы үкіметінің «Қазақстанда колхоз-совхоз театрын ұйымдастыру туралы» 1935 жылы қаулысы қабылданады. Осы жылдың жаз басында елге Ахмет Жұбанов пен Қанабек Бөсейітов бастаған театр труппасы келіп, жергілікті азды-көпті өнері бар жастарды жинап, оларға өз күштерімен домбра үйірмесін ұйымдастыруға болатынын түсіндіреді. Көп ұзамай, шілде айында, көркемөнерпаздар үйірмелері іріктеле

келе, аудан орталығында филармония ретінде, болашақ колхоз-совхоз драма театрының (1936) табаны орын теуіп алады.

Құрамында домбырашы, әнші, бишілер бар филармонияның басты міндеті дәстүрлі ән, күйлерді жинақтап, ауылдарды аралап насихаттау болатын. Міне, осы кезеңнен бастап Ойылдағы көркемөнерпаздар үйірмелері коллективі бірте-бірте театрға айналды. Іздеген ниетіме сай, ор-

талық мемлекеттік архивінен табылған, Ойыл филармониясының әртістерінің бірінші (1935 жылғы шілде) құрамымен таныстырайын.

- 1.Кулжамбасов Жиенғали (1909), білімі - 4 класс, домбырашылар жетекшісі, директор
 2. Кулсумакова Сағида (1914), білімі – сауатсыз, әнші-домбырашы
 - 3.Калмуканов Курмантай (1902), білімі – төмен, домбырашы
 - 4.Казтуганов Жаулыбай (1920), білімі – төмен, домбырашы
 - 5.Маханов Жалғасбай (1906), білімі – төмен, әнші-домбырашы
 - 6.Тапалова Жумаш (1919), білімі – 5 класс, әнші-биші
 - 7.Елубаева Нурсулу (1923), пионер, биші
 - 8.Мирманова Агрыс (0000), білімі – 5 класс, әнші
 - 9.Уразмбетов Утар (1880), білімі – сауатсыз, домбырашы
 - 10.Дабылов Кесикбай (1913), білімі – 4 класс, домбырашы
 - 11.Успанов Байдилла (1918), білімі – 4 класс, домбырашы
- Білімдерін жетістіретін не жағдайы, не мүмкіншілігі болмаса да, бойларына біткен табиғи дарындылығына қоса өнерге құштарлығымен Ойыл өнері мен мәдениетінің қара шаңырағы – Халық театрының табанын осыдан 90 жыл бұрын қалап кеткен осылар болатын. Біле жүрмей! Жарты жыл өтер-өтпес мерзімде труппа құрамы екі есе толысып, кәсіби режиссер шақырылып, босап тұрған мешіттің ішінде орналасқан сахна қойылымдарға дайындалып, жалпы драма театрына бағытталуы - келесі әңгіменің тәркіні.

Нұрлан ЖҰМАҒАЛИЕВ, өлкетанушы.